

«Bereke, Mastercard картасымен кешбэк керек» Акциясының шарттары

«Bereke, Mastercard картасымен кешбэк керек» акциясын (бұдан әрі — *Акция*) «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank ЖШС (Public) ЕБ) (бұдан әрі — *Банк*) және «DG Events» ЖШС (бұдан әрі — *Агенттік*) бірлесіп өткізеді. Акция 2025 жылғы 2 маусым мен 26 шілде аралығында (қоса алғанда) өткізіледі.

Акцияға Банкпен шығарылған Mastercard-тың негізгі және қосымша төлем карталарының иелері қатыса алады (бұдан әрі — *Карта*), олар 18 жасқа толған және Банк алдында мерзімі өткен берешегі жоқ тұлғалар болуы тиіс. Корпоративтік карта иелері, Банк қызметкерлері мен үлестес тұлғалар Акцияға қатыса алмайды.

Акцияға қатысу үшін келесі әрекеттердің бірін орындау қажет:

2025 жылғы 7 шілдеден бастап 26 шілдеге дейін (қоса алғанда, сағат 18:00-ге дейін) <https://picnic.pmgroupp.kz/> сайтында Карта деректемелері арқылы Астана қаласында өтетін «Пикник by Partners» шарасына билет құнын төлеу **немесе** 2025 жылғы 26 шілдеде Астана қаласында, Хайретдин Болғанбаев көшесі, 1 мекенжайындағы «Астана» гольф клубында өтетін «Пикник by Partners» шарасында Bereke Bank бренд-аймағында Банктің серіктесінен Карта арқылы тауар сатып алу.

Егер Карта болмаса, сол жерде — Bereke Bank бренд-аймағында алдын ала Mastercard төлем картасын ашу қажет.

Акция шарттарын орындаған қатысушылар 2025 жылғы 26 шілдеде Астана қаласында өтетін «Пикник by Partners» шарасында өткізілетін бас жүлде 1 000 000 теңге ұтыс ойынына қатысады. Ұтыс ойынында бір ғана бас жүлде ойнатылады.

Сол күні, яғни 2025 жылғы 26 шілдеде, «Пикник by Partners» шарасында Агенттік қатысушыларға ынталандыру сыйлықтарын табыстайды (сыйлық саны Агенттікпен анықталады), бір қатысушыға бір ынталандыру сыйлығы беріледі. Сыйлықтар туралы толық ақпарат Bereke Bank бренд-аймағында ұсынылады. Банк «Пикник by Partners» шарасы барысында Банктің серіктесі сататын тауарлардың, сондай-ақ ынталандыру сыйлықтарының сапасына жауап бермейді.

Ұтыс ойыны қалай өткізіледі

Бас жүлденің ұтыс ойынына қатысу үшін 2025 жылғы 26 шілдеде Астана қаласында өтетін «Пикник by Partners» шарасы кезінде Bereke Bank бренд-аймағында сағат 18:30-ға дейін Банк талаптарына сәйкес купон толтырып, тіркелу қажет. «Пикник by Partners» шарасының билетін сатып алған Акция қатысушылары Bereke Bank мобильді қосымшасынан төлем түбіртегін (чек) көрсетіп, купон толтырады. Bereke Bank бренд-аймағында серіктестің тауарын сатып алған қатысушылар төлемнен кейін купон толтырады.

Купонда көрсетілген ақпараттың дұрыстығына Акцияға қатысушының өзі жауап береді. Акция жеңімпазы лототрон көмегімен кездейсоқ таңдау әдісімен анықталады. Таңдау Акция шарттарына сәйкес әрекет еткен қатысушылардың арасынан, ұтыс күні жүргізіледі. Ұтыс ойыны Банк белгілеген комиссия мүшелерінің қатысуымен және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тәртіппен өткізіледі. Ұтыс процесі Банктің ресми әлеуметтік желі парақшаларында тікелей эфирде көрсетіледі.

Сол тәртіппен қатар резервтік жеңімпаз тағайындалады яғни, негізгі жүлдеден бас тартқан немесе оны алу мүмкін болмаған жағдайда жүлдені алу құқығы резервтік қатысушыға беріледі. Комиссияның шешімі түпкілікті және Акция қатысушылары мен Банк үшін міндетті болып табылады.

¹ Лицензия №1.1.199 от 27.02.2025г. выдана Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка

2025 жылғы 14 маусымда Алматы қаласында өткен «Пикник by Partners» шарасының жеңімпазы 2025 жылғы 26 шілдеде Астана қаласында өтетін бас жүлде ұтысына қатыса алмайды.

Жеңімпаз Банктің формасы бойынша жеке деректерді жинау, өңдеу және беру келісімін беруге міндетті. Бұл келісімді жеңімпаз ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап ең кеші 8 жұмыс күні ішінде Банктің көрсеткен мерзімінде тапсыруы қажет.

Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаса немесе жеңімпаз көрсетілген мерзімде бас жүлдені алу үшін Банкке жүгінбеген жағдайда, жеңімпаз бас жүлдеден бас тартқан болып есептеледі және жүлде құқығы резервтік жеңімпазға өтеді. Банк жеңімпаздың бас жүлдеден бас тартқаны үшін жауапты болмайды. Жеңімпаз бас жүлдесін Банктегі өзінің есепшотына ақша аудару арқылы алады.

Бас жүлденің меншігі жеңімпаздың Банктегі есепшотына ақша түскен сәтте жеңімпазға өтеді. Осы сәттен бастап Банк бас жүлденің жоғалуы немесе басқа тәуекелдер үшін жауапты болмайды.

Жеңімпаз бас жүлдені үшінші тұлғаларға беру немесе пайдалану құқығын тапсыра алмайды. Бас жүлдені басқа мүлікпен немесе қызметпен ауыстыруға жол берілмейді. Банк жеңімпаздың атынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бас жүлде алуымен байланысты барлық салықтарды төлейді.

Қосымша шарттар

Банк Акция шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы, бұл туралы қатысушыларды Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында жаңартылған ережелерді жариялау арқылы хабардар етеді. Қатысушылар Акция ережелерімен, соның ішінде өзгерістер енгізілген жағдайда да, өздері танысуға міндетті. Қатысушының Акция шарттарына сәйкес әрекет жасауы — оның жаңартылған ережелерді қабылдағанын білдіреді.

Банк Акцияға қатысушылар алдындағы міндеттемелерін телекоммуникация және энергетикалық желілердегі ақаулар, зиянды бағдарламалардың әсері немесе үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне байланысты орындамауы немесе дұрыс орындамауы үшін жауапты емес. Банк өз еркімен, алдын ала хабарламай, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Акцияны тоқтату немесе уақытша тоқтату құқығын өзінде қалдырады.

Банк Акцияға қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты туындайтын барлық шығындары және басқа да қаржылық зияндарды өтеуге міндетті емес. Егер Банк қатысушының әрекеттерін немесе әрекетсіздігін алаяқтық немесе Акцияға қатысу шарттарын бұзу ретінде таныса, ол қатысушыны ескертусіз Акция қатысушылар тізімінен шығаруға құқылы.